

Студенттер мен магистранттарға гранттар мен жеңілдіктер

- Мектепте тек «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға оқыған тұл жетім балаларға
- Республикалық, халықаралық конкурстардың жеңімпаздарына
- «Алтын Белгі» белгісінің иегерлері мен халықаралық және республикалық олимпиадалар мен байқаулардың ғылыми, шығармашылық, спорттық жүлдегерлеріне және жеңімпаздарына
- Мектеп, гимназия және тағы басқа оқу мекемелерінің оқушыларына арналған университеттің бейіндік пәндері бойынша олимпиадаларының жеңімпаздарына бір оқу жылына мынадай жеңілдіктер
- Ерекше үлгідегі аттестаты бар мектеп түлектері мен үздік дипломы бар колледж түлектері, 100 және одан жоғары байқау балымен ТК сертификаты бар, сонымен бірге АӨМУ мамандықтарын бірінші көрсеткен мемлекеттік білім беру грантын тағайындау байқауына қатысушының анықтамасы бар талапкерлерге
- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің штаттағы профессор-оқытушылар құрамының балаларына
- Өнер мен спорт саласындағы халықаралық немесе республикалық деңгейде соңғы екі жылғы жүлдегер, лауреат атанған студенттерге
- Үздік дипломы бар жоғары оқу орнының түлектері үшін
- Үздік оқитын және қоғамдық жұмысқа белсенді араласқан, халықаралық, республикалық деңгейдегі түрлі конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарына, жарамдық мерзіміне сай TOEFL, IELTS сертификаттарына ие студенттерге
- Әлеуметтік жағынан аз қамтылған студенттерге өндірістік база орталықтары, меценаттар және университеттің кәсіподақ ұйымы тағайындайтын арнайы стипендиялар қарастырылады.

Осы жеңілдіктер онлайн режимінде, сырттай өткізілетін байқаулар жүлдегерлері мен лауреаттарына қолданылмайды.

Студенттер мен магистранттарға гранттар мен жеңілдіктер ұсыну тәртібі

- Осы Ережеде көрсетілген жеңілдіктерді алу үшін студенттер мен магистранттар 15-ші қыркүйекке дейін жеке өтінішін, тиісті құжаттарын (жұлделі орнын, тілдік деңгейін т.б. растайтын) факультет деканатына немесе магистратура бөліміне тапсырады;
- Тапсырылған құжаттар үш деңгейде қарастырылады:
- факультет кеңесінде;
- университеттің жеңілдіктер беру туралы комиссиясында;
- университеттің Ғылыми кеңесінде.
- Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде берілетін жеңілдіктер туралы ректордың бұйрығы шығарылады;
- Аталған бұйрық көшірмесі деканат, магистратура бөлімі және бухгалтерияға жіберіледі;
- Деканат пен магистратура бөлімінің жауапты тұлғасы жеңілдік иелерін аталған бұйрықпен таныстырады;
- Студент, оның ата-анасы (қамқоршысы)/кәсіпорын және университет арасында қосымша үшжақты келісімшарт жасалынады.
- Университет тарапынан ұсынылған грант пен жеңілдіктер тек бір оқу жылына тағайындалады. Бірақ, қысқы сессияда «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз» үлгерім көрсеткен студенттер грант пен жеңілдіктерден айырылады.

Жеңілдіктер туралы толық ақпаратты Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің қабылдау комиссиясынан біле аласыз. Мекен-жай: Ақтөбе қ-сы, Ә.Молдағұлова даңғылы 34, каб. №101, 102